ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН - БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

a.yassaui@mail.ru
УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ
№09 (455), 16 мамыр 2018 жыл

«ЯСАУИ МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ 02

ТІЛ — ҰЛТ РУХАНИЯТЫ 03

«ҚОЛӨНЕР» НОМИНАЦИЯ ЖЕҢІМПАЗЫ 02

ҰЛТ ТАРИХЫН БОЯУМЕН СӨЙЛЕТКЕН ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ 05

## МАҚСАТЫ ОРТАҚ КЕЛЕЛІ ЖИЫН

**Жуырда №5 Сенат мәжілісі өтті. Маңызды жиынға сенат мүшелері, факультет декандары мен кафедра меңгерушілері, бөлім басшылары қатысты.**



Мәжіліс алдында университет ректоры У.Әбдібеков және ректор уәкілі М.Куталмыш мерейтой иелерін, жетістікке қол жеткізген оқытушы-профессорларды марапаттады. Университетіміздің атын асқақтатып жүрген жарыстың жеңімпаздары мен республикалық пәндік олимпиада жүлдегерлерін де құттықтады.

Сенатта өзекті мәселелер қозғалды. Кәсіподақ төрағасы А.Кенжалиев «Университет Кәсіподақ ұйымының қаржылық есебі туралы» есептерін баяндады. Сонымен қатар, Оқу әдістемелік ісі жөніндегі проректор Н.Әжіханов бірқатар академиялық мәселелер туралы, «Стоматология факультетінің клиникасы ережесін бекіту туралы» айтты.

Университет оқытушы-профессорларының дайындаған оқулық, оқу құралы мен монографияларын баспаға ұсыну жайы; Докторанттар мен магистранттардың диссертациялық тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекіту мәселесі де қаралды.

**ЯУ-ақпарат**

## КОНФЕРЕНЦИЯ ТҮРКІСТАН ТАРИХЫНА АРНАЛДЫ

**Гуманитарлық ғылымдар факультеті «Тарих» кафедрасының ұйымдастыруымен Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында «Түркі әлемі: Тарихы терең Түркістан» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**



Конференцияға Ғылым және инновациялық істер жөніндегі проректор Т.Раимбердиев модераторлық жасады.

Сондай-ақ Даму және қаржыландыру ісі-жөніндегі проректор М.Эрен құттықтау сөз сөйлеп, оқу ордамыздың «Тарих» кафедрасымен және Өзбекстанның Ташкент химиялық-технологиялық институты арасында түзілген меморандумды осы аталған институттың «Өзбекстан тарихы және саясаттану» кафедрасының меңгерушісі Ш.Ульжаеваға табыстады. 2018 жыл Қазақстанда Өзбекстан жылы деп жариялануына орай, мәдени байланыстарды дамытудың көпірі іспеттес бұл меморандумның маңызы зор.

Пленарлық мәжілісте Өзбекстанның Ташкент химиялық-технологиялық институты «Өзбекстан тарихы және саясаттану» кафедрасының меңгерушісі, профессор Ш.Ульжаева «Азербайжанское национально-демократическое движение и ее платформа», Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Ж.Артықбаев «Түркістан – түркі халықтарының алтын бесігі», «Тарих» кафедрасының профессоры М.Қожа «Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген қазақ элитасы», И.Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің оқытушы-профессорлары Р.Элебесова, А.Элебесова «Махмуд Кашгари-Барсканинин тегерек картасынын кыргыз тилине толук которулушу жөнүндө», «Дінтану» кафедрасының доцент З.Жандарбеков «Түркінің атажұрты қайда?», Қырғызстан Нарын облысы Кочкор ауданы Ш.Рысмендиев атындағы орта мектеп оқытушысы Б.Бообекуулу «Орто түрк адабиятын ири өкүлү кул Кожо Ахмет Яссави жана анын кыргыз заманачыл акындарына тийгизген таасири», Б.Ельцин атындағы Қырғыз-Ресей Славяндық университеті Гуманитарлық факультеттің 2-курс студенті Б.Касымов «Эпос Манас – как источник изучения социо-культурного и философско-эстетического восприятия кыргызского народа» тақырыбында баяндама жасады.

Түркі дүниесі ғалымдары мен жас буын өкілдерінің түркі тарихының өзекті мәселелерін талқылауда ортақ ғылыми жоба жасау, зерттеудің жаңа бағыттарын анықтау, жастарды ортақ тарихымыздың құндылықтарында тәрбиелеуді мақсат еткен конференция жоғары деңгейде өтті. Конференция жұмысы «Түркі халықтарының тарихы» «Түркі өркениеті; кеше және бүгін» атты секциялар бойынша ұйымдастырылды. Конференция соңында барлық қатысушыларға сертификат табысталды.

**Ақпарат орталығы**

## БРИФ-ХАБАР

### БІЛІМІМЕН ДАРАЛАНДЫ

Сайыс жастардың білім көкжиегін танытты. Байқау нәтижесінде өзінің біліктілігімен, алғырлығымен көзге түскен Әділет I дәрежелі дипломмен, «Тараз мемлекеттік педагогикалық университетіне 50 жыл» төсбелгісімен және 50, 000 теңге көлеміндегі сертификатпен марапатталды.

» 02

### ҚАЛАМГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының бір жылдығына орай қалалық әкімшіліктің ұйымдастыруымен өткізілген бұл шарада қазақ журналистикасы мен әдебиетінде өзіндік орны бар қаламгер-журналистер: Байдулла Қонысбек, Мархабат Байғұт, Құлбек Ергөбек, Кеңесбай Исмайлов, Сейдулла Садықов, Абай Балажан, Айгүл Қаппарова, Үмітхан Алтаевалар келелі ойларын ортаға салып, бүгінгі таңда ақпарат айдынында жүрген жас журналистерге рухани жаңғыру бағдарламасын БАҚ-да жүзеге асырудың бағыт-бағдарын сілтеді.

» 02

### РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САЛТ-САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен терезелізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

» 03

### ЖАС ФОТОГРАФТАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САЙЫСЫ

Аталмыш байқау студенттердің бойында азаматтық және отаншылдық сезімдерін одан әрі ояту, туған қаласы мен университетіне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін фотоөнер арқылы білдіруге мүмкіндік беру; Студенттердің эстетикалық талғамын қалыптастыру; Фотосурет саласында кәсіби және көркемөнер шығармашылығын дамыту және насихаттауға ықпал жасау мақсатын көздеді.

» 08

## АҚПАРАТ / ХАБАР

# БІЛІМІМЕН ДАРАЛАНДЫ



**Журналистика мамандығының 3-курс студенті Әділет Әбсаттар Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінде өткен республикалық «Super Sm@rt Student» сайысында I орынды иемденді.**

Аталмыш білім ордасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұйымдастыруымен «Астананың 20 жылдығына» орай ЖОО-дар арасында өткен болатын. Сайыс 4 кезеңнен тұрды. Қатысушылар өзін таныстырып, түрлі бағытта қойылған сұрақтарға жауап берді.

Сайыс жастардың білім көкжиегін танытты. Байқау нәтижесінде өзінің біліктілігімен, алғырлығымен көзге түскен Әділет I дәрежелі дипломмен, «Тараз мемлекеттік педагогикалық университетіне 50 жыл» төсбелгісімен және 50 000 теңге көлеміндегі сертификатпен марапатталды. «Осындай сайыстардың өткеніне өте қуаныштымын. Жалпы, бұл байқау маған көп нәрсені үйретті. «Super Smart Student – 2018» сайысы – еліміздің болашақ мамандарын, келешек көшбасшыларын іріктейді. Алған әсерімді сөзбен жеткізу мүмкін емес» – дейді Әділет Әбсаттар. «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» – деген тәмсіл сөз бекер айтылмаса керек. Әділетке бұдан да биік жетістіктерге жетіп, білімінді шыңдай бер демекпіз.

**Айнұр ИБРАШЕВА,**
**3-курс студенті**

# «ЯСАУИ МҰРАЛАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН» КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

**Түркия Республикасының Бурса қаласында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің «Ясауи мұралары және Түркістан» көрмесі ашылды.**

Шараға Бурса қаласының губернаторы Мұстафа Дүндар, қала басшылығы мен қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері мен тарихшы ғалымдар, бұқаралық ақпарат құралдары қатысты. Көрменің лентасын Бурса қаласының губернаторы Мұстафа Дүндар мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры Нұрболат Ахметжанов салтанатты түрде қиып, жиынға қатысушыларды тарихи күнмен құттықтады. Алыста жүрсе де рухына тағзым етіп, қасиетіне бас иген түркиялық бауырлар Түркістанның киелі топырағынан келген әрбір құнды дүниеге зор ықылас, ерекше ілтипатпен назар салып, қуаныштарын да жеткізді. Көрмеге Қожа Ахмет Ясауидің және Құл Азимнің хикметтері, шамамен 1845 жылдары жазылған, 326 беттен тұратын Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» кітабының түпнұсқасы, С.Бақырғанидың «Диуан» жазбасы, Ясауи хикметтеріне ұқсас парсы тілінде жазылған Әулие Биделдің «Диуани Бидел» хикметтері, шамамен XVIII ғ. аяғында түркі тілінде жазылған «Диуани Хикметтен» кейінгі Ясауиге қатысты құнды кітап – Бустан уль-Мухиббин қолжазбасы мен көптеген құнды жәдігерлер жеткізілген. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи және Түркістан жайындағы суреттермен қатар Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, киелі орындарын бейнелейтін 100-ден аса туындылар қойылған. ТҮРКСОЙ Халықаралық Ұйымының ұйымдастыруымен «Кастамону-Түркі әлемінің мәдени астанасы» жылы және «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне 40 жыл толуына орай ұйымдастырылған көрменің мақсаты – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы: «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру, түркітілдес елдердің бас иген Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен тарихын танытатын құнды жәдігерлерін айшылық алыс жерлердегі жұртқа насихаттау, киелі, рухани жерлерді дәріптеу, шетел халқына елімізді, мәдениетімізді таныту болып табылады. Бұған дейін Түркия Республикасының Кастамону, Анкара қалаларында ашылған көрмені мыңдаған халық тамашалап, киелі өңір келбеті мен жәдігерлеріне қызығушылық танытса, Бурса қаласындағы жәдігерлер де 15 мамырға дейін тұлғалар тарихынан сыр шертпек.

**«Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспасөз қызметі**

# ТҮЛЕКТЕР КЕЗДЕСТІ

**Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша «Университет күні» мен 1998 жылы бітірген түлектерінің басқосу кеші өткізілді. «Тәрбие және мәдени істер департаменті» мен «Продюсерлік орталықтың» ұйымдастыруымен өткен кездесуге еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқарып жүрген түлектер қатысты.**



1994 жылы білім ошағына қадам басқан білімгерлердің бітіргеніне биыл – 20 жыл. Университетте білім алған кешегі түлектер-бүгінгі мамандар. Қазіргі таңда әртүрлі салада еліміздің елеулі азамат пен азаматшалары мемлекеттік қызметтер мен ірі кәсіпорындарда қызмет етуде.Барлығы да айтулы жетістіктерге жетіп, еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосып келеді.

Кездесуде университет проректорлары Б.Мұхамеджанов пен М.Эрен түлектерге құттықтау сөзін айтып, «Ахмет Ясауи университетінің 25 жылдығы» төсбелгісімен марапаттады. Түлектер атынан сөз алған Түркістан гуманитарлық-техникалық колледж директоры Айдос Аппазов ұстаздарға жылы лебізін білдірді.

Шара университет өнерпаздарының дайындаған концерттік бағдарламасына ұласты. «Бисұлтан» би ансамблі «Достық» би композициясын, ұлттық билерді орындады. Қазақ және түрік тілдерінде ән шырқалып, елімізге танымал КТК «Байдың балалары» командасының мүшесі Ұлан Мықтыбек жайдары әзілін көрермендер назарына ұсынды. Сонымен қатар университетіміздің журналистика мамандығының түлегі әнші Ляззат Байырбекова ән шырқады.

Кеш соңында түлектер университеттің оқу ғимараттары мен студенттік қалашықты аралап, естелікке суретке түсті. Сапалы білім нәрін сепкен оқу ордасына келіп, ұстаздармен кездесті.

**ЯУ-ақпарат**

# ҚАЛАМГЕРЛЕР БАС ҚОСТЫ

**Түркістанда қазақ журналистикасының ардагерлері мен бүгінгі буыны бас қосып, ұлттық сананы жаңғыртудағы ақпарат құралдарының рөлі туралы кеңінен талқыланған конференция өткізді.**

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының бір жылдығына орай қалалық әкімшіліктің ұйымдастыруымен өткізілген бұл шарада қазақ журналистикасы мен әдебиетінде өзіндік орны бар қаламгер-журналистер: Байдулла Қонысбек, Мархабат Байғұт, Құлбек Ерғөбек, Кеңесбай Исмайлов, Сейдулла Садықов, Абай Балажан, Айгүл Қаппарова, Үмітхан Алтаевалар келелі ойларын ортаға салып, бүгінгі таңда ақпарат айдынында жүрген жас журналистерге рухани жаңғыру бағдарламасын БАҚ-да жүзеге асырудың бағыт-бағдарын сілтеді. Бас қосуға жиналғандар әрбір қазақстандық шын мәнінде рухани жаңғыруды, ұлттық сананы жаңғыртуды өзінен бастаса, мемлекетіміздің мүддесі үшін жасаған, Елбасының тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудағы ұсынған бағыттары толықтай жүзеге асқан болар еді деген ой түйді.




# САҒАДИЕВ ЖАТАҚХАНАЛАР МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН САЛЫНАТЫНЫН МӘЛІМДЕДІ

Студенттік жатақханалар құрылысы мерзімінен бұрын пайдалануға беріледі. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат. «Бүгінде 65 мың орынға арналған жермен қамтамасыз етілген ЖОО-лар тарапынан өтініштер келіп түсті. Бағдарлама бойынша ЖОО-лар мен колледждері бар әр қалада жатақханалар құрылысын мерзімінен бұрын орындаймыз. Бізге көптеген ұсыныстар келіп түсті. Осы орайда құрылыс жоспарын әзірлеп қойдық, сондай-ақ қаржыландыру жоспарын пысықтап жатырмыз», - деді министр. Оның сөзіне қарағанда, бұл бағытта кейбір заңнамалық өзгерістерді қабылдау қарастырылып отыр. Естеріңізге сала кетейік, наурыз айында ҚР Президенті Бес әлеуметтік бастама аясында 75 мың орынға арналған жатақхана құрылысын жүзеге асыруды тапсырған болатын. 2022 жылға дейін еліміз бойынша қажетті жатақханаларды салу көзделген.

**inform.kz**

# «ҚОЛӨНЕР» НОМИНАЦИЯ ЖЕҢІМПАЗЫ

**Оқу ордамыздың Өнер факультеті «Бейнелеу өнері және сызу» кафедрасының оқытушысы Альмира Накбаева жүлделі орынды иеленді.**

Ол Талдықорған қаласы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өткен «Ұлттық рухани құндылықтарды дамыту мақсатындағы инновациялық технологиялар» атты Республикалық ғылыми тәжірибелік симпозиумда 81 қатысушының арасынан «Қолөнер» номинациясы бойынша бас жүлде иегері атанды.

Сонымен қатар Қарағанды қаласында ЖОО арасында өткен «Үздік Дизайнерлер» конкурсына қатысып, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында киіз үйден жасалған «Үздік Этно-Эко өнім» номинациясының жеңімпазы атанды.

Альмира Боранханқызын жемісті жеңістерімен құттықтаймыз!

**Ақпарат орталығы**

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



**Елбасы өз еңбегінде рухани жаңғыруымызға аса қажет алты басымдылықты нақтылап берді. Оларға келетін болсақ: бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы. Алайда, Елбасымыз айтқандай, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білуге тіреледі. Ұлттық кодымызды сақтау кешелі-бүгін туындаған мәселе емес. Бұл Елбасының ата-бабадан қалған мирасты жолды жалғап, сын сағатында ұлтына қайта ұсынып отырған киелі дүние деуге болады. Сондықтан да болашақ мамандарды дайындауда ұлттық сана-сезіміне басты назар аударуымыз қажет.**

Сана түсінігі пәлсапа саласында негізінен адам болмысы тұрғысынан, яғни қоғамдық үдірістердің көрінісі, құбылыс және адамзаттық тарих пен мәдениетті жалғастыруды қамтамасыз етуші әдіс ретінде қарастырылады. Сана қоғамдық және жеке «өлшем» бірлігінен көрінеді. Шын мәнісінде, сана арқылы қоғамдағы байланысты жеке адам өзінде бекітеді. Сана — бейнеге сүйене қоғаммен қарым-қатынасқа түсе алатын адам қабілеттілігі, адамның заттармен байланыс іс-әрекеті, табиғи және мәдени қатынасы, қашықтағы, жақындағы адамдар өзара қатынасы мен қызметі, яғни осы образдарды өзінің мінез-құлық бағытында әдіс-тәсілі ретінде пайдалану. Сана түсінігі бұл психика түсінігі; психика тірі жанның қоршаған ортамен тікелей байланыс тәсілі (сондай-ақ жеке адам) деп түсіндіріледі, демек олардың өмірлік үрдістерінде әсерлендірушісі және көрінісі ретіндегі, психикалық қабілеттілік жиынтық, табиғи және ғарыштық ырғақтар байланыстарында адамның қоғамдық және мәдени іс-әрекеттерінде өз-өзіне бағыт-бағдар жасай алуы мен басқара алатын қабілеттілікпен қамтамасыз етуі. Сонымен бірге, сана мен іс-әрекеттің бірлігі – сананың генетикалық және функционалдық байланыс бірлігін құрайды. Бұл ұстаным ғылыми психологияның философиялық және методологиялық іргетасын қалайды.

Психология ғылымының негізгі принциптерінің бірі — сана іс-әрекетті, іс-әрекет саналы болуға тиісті дегенді ұстанады. Яғни, әрбір маманның санасы мен іс-әрекет бірлігі әрдайым теориялық біліммен тәжірибелік шығармашылықтың өзара байланысында қалыптасады. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді: әлемде және өз елiңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді, жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болуды қажет етеді, өзгелердің тәжірибесін алып ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігін көрсетеді.

Қазіргі таңда күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде санасезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, болашақ мамандардың сана мен іс-әрекет бірлігі заман талабына сай теориялық және тәжірибелік шығармашылық қабілеттерін нақтылағанда ғана мамандардың рухани жаңғырудағы ұлттық салт-санасын қалыптастырудың негізі болатынына сенім білдіреміз.

**Ж.САДУОВА,**
**Педагогикалық ғылымдар кафедрасының доценті**

# ТІЛ – ҰЛТ РУХАНИЯТЫ

**Ұлт болудың негізгі шарттарының бірі өркениеттің дамуы және ұрпақтардың өз жалғасын табуы болып саналады. Ұлттық мәдениетіміздің даму негіздері болып табылатын өнер, тарих, салт-дәстүрлеріміз ұлтымыздың негізгі қайнар көзі болып табылады.**




Ұлттық құндылықтың сарқылмас қазынасы, терең байлығы ол біздің – тіліміз. Тарихымыз да тіл арқылы жалғасын табуда. Тіл ұлтымыздың рухани діңгегі. Сондықтан тілдің сақталуының маңыздылығы өте зор. Тарих пен тіл бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар.

Қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасып, іргелі ел ретінде даму процесінде де тілдің атқаратын маңызы зор. Елбасымыз Н.Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біріншіден қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», – деп айтқан болатын. Сонымен қатар «Біз 2025 жылдан бастап, әліпбиімізді латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих беттерінде біз мұндай қадам жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» - деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Мәңгі елдің негізгі ұстанымдары, «Бір тіл, Бір дін, Бір мораль, Бір мемлекет» Тіл-қастерлі де қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға анасындай қымбат. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер – ана тілі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем танитын ел болу үшін тіліміздің мәртебесін биіктетуіміз қажет. Ата-бабаларымыздың тарихы мен шежіресі түрлі әдеби мұралары, бүгінгі ұрпаққа өзіміздің ана тіліміз арқылы жетіп отыр. Тіл тарихы, халық тарихына ұқсас әрі бірегей ұғым.

Рухани жаңғырудағы латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы қазақ тілінің қолданыс аумағын кеңейтеді және ғылым мен білім саласында маңыздылығы арта түседі. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана ұлан-ғайыр табысқа жетеді деген үміттеміз.

Қазіргі ұрпақ тарихымызды зерделеп, зерттеп өзінен кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыруға тиіс. Ұлттың мәдени құндылықтары өнер, әдебиет, тарих екендігі баршамызға мәлім. Бұл құнды мұраларымыз халқымыздың әдеби, мәдени қоры, ұлттық мирасы екендігі барлығымызға белгілі. Осы мұраларымыз арқылы өркениетті ел, талапты ұрпақ осындай қазыналарымызды келешекте де жоғары биіктіктерге шығарады деген сенімдеміз.

**Э. ӘДІЛБЕКОВА,**
**Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, доцент**

**Еркебұлан ӨКСІКБАЕВ, Тіркеуші офисінің басшысы:**

# БАСШЫНЫҢ МІНДЕТІ – ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ТІЛ ТАБЫСА БІЛУ

**Болашағынан үміт күттіретін жас маман Еркебұлан жас та болса, Тіркеуші офисінің басшысы болып қызмет етеді. 2018 жылдың қаңтар айында осы лауазымға тағайындалды. Кейіпкеріміз осы уақытқа дейін оқытушы және кәсіби бағдар бөлімінің маманы болып қызмет етті. Университетте жұмыс өтілі 5 жылға таяп қалыпты. Еркебұланмен кездесудің сәті түсіп, сұхбаттасқан едік.**

**– Еркебұлан жаңа жұмыс орның құтты болсын! Алдымен Түркістанға қалай келдің және бұл лауазымға қалай көтерілдің содан бастасақ...**

– Киелі мекенге келуіме негізгі себеп, №93 ауылдағы мектепте 10-11-сыныптың жоқ болуына орай, Түркістандағы Саттар Ерубаев мектеп-интернатында білім алдым. Жоғары оқу орнына түсуге құжат тапсырған сәтте, осы қаланы таңдадым. Аллаға шүкір, осы университетте білім алу мүмкіндігіне ие болдым. Бүгінде аталмыш оқу орданың бірнеше саласында қызмет еттім. Сол атқарған жұмыстарымды адал әрі аса жоғары жауапкершілікпен істеуге тырысып бақтым. Соның нәтижесінде, осындай жетістікке қол жеткіздім деп ойлаймын.

**– Бірнеше салада қызмет еттім деп қалдың. Сол саладағы басшылардан алған тәлім-тәрбиең қандай? Мүмкін, болашақта басшы болсам, «мен былай істер едім немесе осы тәсілді жүзеге асырар» едім деген ой болды ма?**

– Иә, бірнеше салада қызмет еткенім рас. Бірақ әр жердің басшысы әркалай. Кез келген адамның жақсы қасиеті мен тұстары бар емес пе? Енді өзім жас маман болғандықтан, үлкен кісілердің және жоғары лауазымды адамдардың жақсы қасиеттерін үлгі тұтып алуға әрдайым тырыстым. Әлі күнге дейін сол кісілердің тәлім-тәрбиесін және жақсы тұстарын үлгі етемін. Сонымен қатар, оқу орнымызда кез келген басшылардың тәжірибесі мол. Сол себепті, алдағы уақытта осындай қызметкерлерден алатын тәжірибем көп.

**(Басы. Соңы 8-бетте)**

## ӨНЕР ӘЛЕМІ

# СУРЕТШІ ЗҰЛҚАРНАЙ ҚОЖАМҚҰЛОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ



**Бүгінгі күнде бейнелеу өнерінің жеке дара саласына айналған кескіндеме ерте замандарда жаңа технология ретінде ашылып, жаңалық іспетті болған. Ол келесі технология пайда болған соң барып дәстүрлі технологияға айналған. Қазіргі кезде бейнелеу өнерінің түрлі салалары дамып жаңа технологиялар пайда болуда. Суретші Зұлқарнай Қожамқұлов шығармашылығы осындай бейнелеу өнерінің жаңадан өмірге келген технологиясының даралығы қайталанбастығы мен жаңашылдығын сипаттайды.**

Зұлқарнай Қожамқұлов – Қазақстанға белгілі Оңтүстік өңіріндегі суретші-кескіндемеші. Ол кескіндемеші ретінде өнерсүйер қауым, Орта Азия мен Қазақстандағы әріптестері арасында кеңінен белгілі. Бірақ шығармашылық кеңістігі кескіндеме өнері болғанымен бүгінгі күні кеңістікті – көлемді мүсін өнері шеберлігі саласындағы жаңашылдық қызметін көпшілік біле бермейді. Суретшінің соңғы кездегі шығармашылық бағыты – бейнелеу өнері технологиясындағы жаңа көлемдік-кеңістіктік мүсіндік бағыт ашуға деген бетбұрысымен айқындалады.

Бүгінгі күнгі оның шығармашылық бағыты көлемді кеңістіктік-монументтік өнер туындысын жасау тұрғысында жалғасуда. Суретші қазіргі кезде көркемдік даралық жаңашылдық-креативтік бағыттағы ізденіс үстінде. Қазіргі шығармашылық ізденіс жұмыстарының сипаты мен суреткердің шығармашылық келбетін – қарапайым металдар мен автобөлшектер жиынтығын құрастыру арқылы жасалған, садақ тартқан аттылы адам туындысынан көруге болады. Бұл туынды суретшінің соңғы кездегі ізденіс нәтижесі. Шығарма көрерменді ой толғанысына жетелейді. Туынды суретшінің – шығармашылық төлқұжаты десе де болғандай. Даралығын айқындайтын қолтаңбасы.

Қазіргі заманғы өнердегі шығармашылық ізденістер бағыты – өмір шындығы арқылы көркем образ жасау үдерісінде құбылыстарды креативтік ой арқылы шешуге бағытталуымен ерекшеленеді.

Өнер сферасындағы мәселелерді шешуде шығармашылық іс-әрекет нәтижесімен жоғары шеберлік биігінен көрсетуден гөрі, биік шығармашылық идея мазмұнын ашуға баса назар аударылуымен ерекшеленеді.

Суретші-мүсінші Зұлқарнай Қожамқұловтың соңғы ізденіс жұмысын өнертанымдық тұрғыда талдау нәтижесі аталған бағытты айқын аңғарта түседі. Осыған шығарманың сонылығын, тақырыптың заманауи өткірлігін, жаңашылдық бағытын, ерекше композициялық құрылымын қосатын болсақ, аталып отырған жаңа технология суретші қызметінің жаңа бір бағытта өріс алғаны танылады. Жаңа бейнелеу технологиясы ретінде танып білудің көкейкестілігі – күрделі өнертанымдық заманауи мәселе ретіндегі мәні одан да арта түседі.



Зұлқарнайдың бұл атап отырған шығармашылық жобаны қамтитын туындысы – абстрактілікпәндік шығармашылық бейнелеуге бағытталған. Шығарма дизайнерлік креативтік шешімде орындалған жұмыс үдерісін аңғартады. Суретші-мүсінші Зұлқарнайдың туындысы абстракциялық бағытты елестетеді. Автомобильдер детальдарынан құрастырып жасалған, көлемді өлшемдермен алынған, садақ тартқан, аттылы жауынгер мүсінінің көрерменге деген эмоциялық әсері мол. Оған қараған адамды ойға тартады. Туындыдағы ат пен жауынгер тұлғасы тұтастай бірлікте берілген. Әдепкіде бір қарағанда пішін құрау сипатын қабылдау қиындау болып көрінеді. Көз үйрене келе, ұзақтан қарағанда ұқыптап жиналған қоймадағы автомобильдердің бөлшектері, қарапайым темір-терсектер болып елестейді. Жақыннан қарағанда бір жерге бір-біріне қиюластыра жинап қойған машина детальдары болып та қабылданады. Арқан бойы қашықтықтан қарағанда – ат үстінде садақ тартып отырған адам мүсіні селуэттік көріністпен айқындала түседі. Аттың басы, жалқұйрығы, садақ, жауынгер бейнесі көркемдік тартымды көрініске айналған. Автомобиль бөлшектерін өзара тиімді құрастыру, бірін-біріне біріктіріп үйлестіріп қою арқылы шығарылған. Қатар орналасқан бөлшектер пішіні, сызықтар бағыты бірін-бірі қайталамайды, молынан даралық сипатқа ие болады. Әртүрлі бөлшектердің беттерінің тегістігі мен кедір-бұдырлығы жинақтай келгенде, тұтастай қабылданады. Көрген көзді жалықтырмайды, тартымды ете түседі. Олар әртүрлі пішіндердің алға қарай жылжыған динамикалық бағыт ұстанған, ұмтылыстар мен ритм қатарын түзейді. Жарық сәулелері бөлшектердің жазықтық беттеріне түскендегі көріністері – жарық пен көлеңкенің ерекше ритімі мен динамикасын суретші ұтымды шешкен.

Өнер нысанын көргенде Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай сынды еліміздің даңқты батырларын көз алдымызға елестейді.Туынды батырлардың жиынтық образы іспетті қабылданады. Көлемді етіп жасалған темір тұлпар мінген жауынгер бейнесін көріп, қазақстандық бейнелеу өнері шеберінің жаңа бір бейнелеу технологиясын өмірге әкелгеніне куә боламыз. Өнердегі бір креативтік шығармашылықтың нәтижесін көріп, жаңашылдық сипатын мойындауға тура келеді.

Шығарма – монументтік мүсін өнеріне жақын. Материалы-металл. әрекеті бөлшектерден композиция құрастыру. Идеясы бабалардың рухын, батырлық дәстүрін болашаққа жеткізу. Көлемінің ерекшелігі – мүсіннің өлшемін аттың табиғи өлшемінен артықтау етіп алынуы. Автобөлшектердің орналасуы үлкен динамикалық ұмтылыстары бар бағыттардың тасқанын елестетеді. Бұл бөлшектер бағыттарының жиынтығы – сурет салу үдерісінде пішінді қалыптастыруға мүмкіндік беретін, штрих сызықтарын еске түсіреді. Шығарма идеясы – адам мен жануардың бірлігі. Адам мен аттың нақты да тұтас көрінісі.

Әлемдік өркениетке жылқыны қолға үйрету үдерісінің келуін – археологтар дәлелдеуде. Бұл технологияның өмірге келуі адамзаттың дамуына әсері мол болған. Өмірге атқа міну мәдениетін, үзеңгінің, жүгеннің, ертоқымның келуі. Шапан пішінді киімнің ат үстінде отыруға, атқа міну мен түсуге лайықты шалбар пішініне ұқсау үдерісі. Шалбардың шығуы. Оның аттылы адамға қолайлы киім болып қалыптасуы. Томирис ханымның жауынгерлік бейнесі елес беруі. Адамның атты мінуге үйретудің өркениет дамуының жаңа бір жолы ретінде ашылуы.Осы айтылғандар картинаны көргендегі креативтік ой тасқындарын елестетеді.

Идеяның екінші жағы осы креативтік ойдың металл арқылы берілуі – бұл бейнелеудегі жаңа технология. Ерте ғасырда қазақтың елі мен жерін қорғаған ат пен адам. Бұл мүсін – ат пен адамға көрсетілген құрмет. Қазақ тарихындағы Томеристі еске түсіретін белгі. Адам мен жануардың өркениетке әкелген өлшемдері. Алдағы ғасырлар талқысына төтеп беретін материалмен жасалған ескерткіш. Бұл ескерткіш заманауи жаңа бейнелеу технологиясы. Суреткердің дәстүрлі материалдарды қолдану шеңберінен шығып, жоғары деңгейге көтерілген жаңашылдық іздеу қарекетінің нәтижесі. Шебердің жаңа бейнелеу жолын іздеу көрінісі. Бұл – жаңа бір бейнелеу технологиясының өмірге келуі. Адамзат өнерінің қағаз, бояу, кенеп, тас, сияқты материалдар шеңберінде тұрақтап қалмай инновациялық заманауи бейнелеу технологиясын іздеп табуы. Бейнелеу технологиясындағы инновация. Жиырма бірінші ғасырдағы суретшілердің жаңашылдық шығармашылық креативтілік ізденістегі жеткен биіктігі.

Автобөлшектердің жиынтығын жинау, үйлестіру, құрастыру тұтас көріністерін біріктіру арқылы форма шығару әрекеті. Заманауи сұраныс пен жаңашылдықты көруге деген қажеттіліктен туындаған сәтті шығармаға өнер адамдарының көзқарастары оң. Кеңпейіл тілектес пікірлер молшылық. Шығармаға деген таңданыстар да бар. Бұл туралы белгілі өнертанушылар Байтұрсын Өмірбеков, Элмира Ахметова, Камила Либағалы пікірлер айтқан. Оң баға берген. Артықшылығы суретшінің ізденімпаздығы деп көрсеткен. Жұмыстың табиғатынан жаңашылдықты аңғарған.

Зұлқарнай суретшінің тағы бір қыры оның портреттік туындыларынан аңғарылады. Ол суреттердің өлшемдерінің молдығы мен жазықтығы көлемділігі. Шығармаларындағы екінші бір бағыт – дара тұлғалардың кескіндемелік -сәндік бейнелік әдісімен салынған портреттері. Зұлқарнай суретшінің портреттердің өзіндік ерекшеліктері мол. Біріншіден – олардың бәрінің көлемді болып келуі. Екіншіден – кескіндемелік картиналарын жазу барысында суретшінің кескіндемелік-сәндік бейнелеу бағытын ұстануы. Форма мен түстің безендірушілік ықпалына айқын басымдық беруі. Үшіншіден – портреттік образдық ұқсастықтың реалистік бейнелеу әдістерімен шығарылуы; Төртіншіден – шығармалардағы түстік шешімдердің кейіпкер образын ашудағы белсенділік көрсетуі; Бесіншіден – портреттер идеясын ашудағы композиция мен колориттің тұтастығымен сипатталуы.

Қорыта айтқанда, Зұлқарнай шығармашылығын өнертанымдық талдау нәтижелері шебердің шығармаларындағы басты көркемдік ерекшелік – идея деп анықтауға мүмкіндік береді.

